

«JASSAQ»

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖАРҚЫН ЖОБА

Жуырда Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен «JasSAQ» этно-реалити телевизиялық жобасы өтті.

Өртүрлі сала жастарын тарта отырып, қазақтың ұлттық спорт және ойын түрлерінен жарыстар өткізу арқылы жастар арасында ұмыт болып бара жатқан ұлттық құндылықтар мен дәстүрді қайта жаңғыртып, телевизиялық жоба арқылы келер ұрпаққа дәріптеуді мақсат еткен шарға еліміздің 10 облысынан келген және жамбылдық 65 жас қатысты.

Әуелі қатысушылар Тараз қаласының тарихи-мәдени орындарына саяхат жасап, көрікті нысандармен танысты. Бұдан кейін қатысушылар 6 командаға бөлініп, қазақ күресі, дәстүрлі садақ ату, қол күресі, қой көтеру, ләңгі тебу, сиыр сауу, көмбе (таба) нан пісіру және арқан тарту сынды 8 түрлі ұлттық ойындардан өзара сынаға түсті.

Сайыс нәтижесінде, қостанайлық Жасұлан Бекболат қазақ күресінен, ақтөбелік Айбек Тәшкенбай садақ атудан, алматылық Дана Рүстембекова көмбе (таба) нан пісіруден, жамбылдық Дәурен Догдырбай қой көтеруден, Айдос Аппасов ләңгі тебуден,

АУЫЛЫНА ҚАРАП, АЗАМАТЫН ТАНЫ!

ҰЛАНБЕЛДІКТЕРДІҢ ҰЛАҒАТТЫ ІСІ

«Ұланбел қоры» мен ауыл жастарының жұмысы көпке үлгі

Саялы мекен, ынтымақ пен бірлігі бекем бір ауыл бар Мойынқұм ауданында. Ол құтты қоныс – Ұланбел ауылы. Ұланбел аудан орталығынан 180 шақырым шалғайда жатыр. Соған қарамастан, талай атпал азаматқа алтын бесік болған алақандай ауыл жыл өткен сайын көркейіп келеді. Бұл ретте «Ұланбел қоры» мен ауыл жастары ауылға әдемі сыртқы келбет беруді басты міндет етіп қойып отыр.

Ауылды абаттандыруға Ұланбел ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Талғат Үсембаев алғы шептегі жауынгері ретінде «Жайнасын, көркем Ұланбелім!» ұранымен үлкен үлесін қосып келеді. Ол «Ұланбел қоры» және ауыл жастарының қолдауымен бірқатар жаңашыл жоба ұйымдастырып, ауылды жаңғырту мақсатында ауқымды тірілікті бастап кеткен. Бұл ретте ауыл жастарының жұдырықша жұмылуымен жүзеге асып жатқан кіреберіс қақпаның жанынан ауылдың төлқұжат стеласын салу, киіз үй құрылысы және тал-дарақтар егу жұмыстарын айтуға болады.

Аталған ілкімді істер ауыл жастарын, Ұланбел ауылынан шыққан азаматтарды, ауыл кәсіпкерлерін тарта отырып ұйымдастырылуда. Жалпы «Ұланбел қоры» жігіттерінің қолдауымен бірқатар демеушілік жұмыстар

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жамбыл облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығында Жамбыл облысы бойынша төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері өрт сөндіруге қатысты оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізді.



ТЖ қызметкерлері арнайы 2 өрт сөндіру және алғашқы көмек көрсету көлігімен, барлық қажетті техникалық құрал-жабдықтарымен дайындалып келген.

ЗАҢ МЕН ЗАМАН

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ЕСІРТКІНІҢ ҮЛКЕН ПАРТИЯСЫН ТАРАТҚАНЫ ҮШІН СОТТАЛДЫ

Жамбыл облысында көлік полициясының қызметкерлері көлігінен 23 келіден астам кептірілген марихуана табылған азаматты ұстады.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот отырысында прокурорлар сотталушының



Аяулым Мұхаметқали сиыр сауудан үздік атанды. Сондай-ақ «Сұңқар» командасы (Батыс Қазақстан облысы) – 3, «Алаш» командасы (Қостанай облысы) – 2, «Сақ» командасы (Түркістан облысы) 1-орынды еншіледі.

Сайыстың марапаттау рәсіміне арнайы қатысқан Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхар, Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Махпал Досымбекова және Ш.Мұртаза атындағы руханият және

тарихтану орталығының директоры Сауран Қалиев жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қаржылай сыйлықтарын, ал «JasSAQ» этно-реалити жобасының эстафеталық туын 2025 жылы шараны өткізетін Түркістан облысына табыстады.

Гүлдана ЖҰМАДІЛ,
М.Х.Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті
«Конвергентті журналистика» білім беру
бағдарламасының 3-курс студенті



атқарылған.

Бұл ретте ауылдық округтің әкімі Еркебұлан Абасов: «Қазіргі таңда ауылымызда 3 көшеге асфальт салу және 3 көшеге заманауи жарық шамдарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Ұланбел ауылының статусына сай, заманауи болғаны әрбір тұрғын үшін мақтаныш емес пе?!», – дейді. Ал Талғат Алпысбайұлы ауылды абаттандыру ортақ іс екенін, игі іске көмектесіп жатқан ауыл тұрғындарына, жастарға, кәсіпкерлерге алғыстары шексіз екенін айтады.

Елді бірлікке ұйытып, тамаша тірлік жасап жатқан ауыл жігіттерінің ісіне халық та сүйсіне қарап, алғыстарын жаудыруда. «Ауылына қарап, азаматын таны» деген осы шығар. Сондықтан береке-бірліктің қаймағы бұзылмаған, татулық пен тұрақтылықтың бесігіне айналған бұл ауылды елін сүйер арда азаматтардың мекені десек, қателеспейміз. Туған жерді түлетуге тамшыдай болса да үлес қосқан азаматтардың жасаған жарқын ісі көңіл қуантады.

Еркін САЙЫН

А

САЛАҒА СЕРПІН

Мемлекет басшысының тапсырмасымен мемлекеттік қызметтерді толық электрондық форматқа көшіру міндеттелген болатын. Қазіргі таңда елімізде халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтің ішінен әлеуметтік маңызды қызметтерді барынша электронды түрде алуға барлық жағдай бар.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ АЛҒАН ТИІМДІ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес, электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz) арқылы жүзеге асырылады. Бұл дегеніміз – мемлекеттік қызметтерді алу барынша автоматтандырылған, оңтайландырылған, қоғамның әрбір мүшесіне әлеуметтік коммуникация шығындарын төмендету мақсатына қызмет ететін электрондық жүйе.

Еліміздің әрбір азаматы «Электрондық үкімет» веб-порталына «пайдаланушы кабинетін» ашу арқылы тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық қызметті алу мүмкіндігіне ие болады.

«Пайдаланушы кабинеті» – бұл халықтың қызмет алу үшін өтініштерін электрондық нысанда оны қарайтын субъектілерге жүгінуі, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара ресми ақпараттық іс-қимыл жасауға арналған құралы. Бұл, өз кезегінде, қазіргі заманның технологияның қарыштап дамыған, жаппай цифрландыруға бет бұру тұсында әрбір азаматқа өзіне берілген мүмкіндіктер аясын кеңейтуіне жол ашады.

Электрондық цифрлық қолтаңба дегеніміз – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы. Халыққа қызмет көрсету орталығынан

қуаландырыла отырып ЭЦҚ-ны файлдық тасымалдағышта алған жағдайда, дербес компьютерге сақтауға болады. Сол арқылы «Электрондық үкімет» веб-порталына тіркеліп, жеке кабинетте мемлекеттік қызмет түрлерін пайдалануға болады.

Сонымен қатар ЭЦҚ-ны телефонда сақтай отырып, электрондық үкіметтің мобильдік қосымшасы арқылы онлайн қызметтерді алуға болады.

Егер де ХҚКО-ға баруды қажет ететін мемлекеттік қызметтерді алатын жағдайда аталған мобильдік қосымша арқылы кезекке тұрып, кейін ХҚКО-ға келіп, операторға кезек нөмірін көрсетуге болады. Бұл – кезек күтпей, уақыт үнемдеудің ең тиімді жолы.

Тараз қаласы әкімдігі тарапынан электрондық қызметтерді алу жолдарымен мүмкіндіктерін насихаттау мақсатында халықтың көп шоғырланатын жерлерінде жәрмеңкелер ұйымдастырылып, әрбір іс-шара «Instagram» және «Facebook» әлеуметтік желілерінде жариялануда.

Сонғы уақытта Тараз қаласы тұрғындарының электрондық түрде қызмет алуы күннен-күнге ұлғаюда. Бұдан бөлек, қала тұрғындары өздеріне қажетті толық ақпараттарды Тараз қаласы әкімінің <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-taraz> ресми сайтындағы «Мемлекеттік қызметтер» парақшасынан ала алады.

А.АЛИМБЕТОВА,
Тараз қаласы әкімі аппаратының
мемлекеттік көрсетілетін қызметті
мониторингілеу бөлімшесінің
басшысы

ХАБАРЛАМА

«Синомашкарьер» ЖШС 07.03.2023 жылғы № 1971-ЕЛ лицензиясы бойынша «Жамбыл облысы Қордай ауданындағы К-43-30-(10е-5г-11) лицензияланған аумақтың шекарасында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» жобасы бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөліміне (КҚ) қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде 2024 жылғы 17 шілдеде сағат 15:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты, Нұрлы жол көшесі, №203 мекенжайы бойынша өтеді.

Іс-шараны бастаушының байланыс деректері: тел. +7 701 704 88 44, «Синомашкарьер» ЖШС, электрондық пошта: XIANGTAIYUAN@outlook.com, мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абай даңғылы, №115.

Жобаны жасаушы ЖК «Мурзина», мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20 «Б», 314-қаб., байланыс телефоны. +7 701 726 70 56. электрондық пошта: murzina.60@mail.ru

Жобалық құжаттама БЭК esportal.kz сайтында және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Мүдделі жұртшылық өз ескертүлері мен ұсыныстарын электрондық түрде s.agabek@zhambyl.gov.kz поштасына, қағаз түрінде Тараз қ., Абай даңғылы, 133 «А» жолдай алады, 8(7262) 43-68-08.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Синомашкарьер» проводит общественные слушания к Разделу охраны окружающей среды (ООС) для проекта «Плана разведки твердых полезных ископаемых по лицензия №1971-ЕЛ от 07.03.2023г. в границах лицензионной территории К-43-30-(10е-5г-11) в Кордайском районе Жамбылской области».

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 17.07.2024 г. в 15:00 часов по адресу: Жамбылская область, Кордайский район, Карасуский с.о., с.Карасу, здание Дома культуры, ул.Нурлыжол, №203.

Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7701 7048844ТОО «Синомашкарьер» XIANGTAIYUAN@outlook.com, адрес: г.Алматы, Алмалинский район, проспект Абая, дом 115.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП esportal.kz на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», раздел «Общественные слушания». Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту s.agabek@zhambyl.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г.Тараз, ул. Абая, дом 133а, к.т.8(7262) 43-68-08

А

ХАБАРЛАМА

«Синомашкарьер» ЖШС 07.03.2023 жылғы № 1972-ЕЛ лицензиясы бойынша «Жамбыл облысы Қордай ауданындағы К-43-30-(10е-5г-7,8) лицензияланған аумақтың шекарасында қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары» жобасы бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөліміне (КҚ) қоғамдық тыңдаулар өткізуде.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде 2024 жылғы 17 шілдеде сағат 16:00-де Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты, Нұрлы жол көшесі, №203 мекенжайы бойынша өтеді.

Іс-шараны бастаушының байланыс деректері: тел. +7 701 704 88 44, «Синомашкарьер» ЖШС, электрондық пошта: XIANGTAIYUAN@outlook.com, мекенжайы: Алматы қ., Алмалы ауданы, Абай даңғылы, №115.

Жобаны жасаушы ЖК «Мурзина», мекенжайы: Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 20 «Б», 314-қаб., байланыс телефоны. +7 701 726 70 56. электрондық пошта: murzina.60@mail.ru

Жобалық құжаттама БЭК esportal.kz сайтында және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған. Мүдделі жұртшылық өз ескертүлері мен ұсыныстарын электрондық түрде s.agabek@zhambyl.gov.kz поштасына, қағаз түрінде Тараз қ., Абай даңғылы, 133 «А» жолдай алады, 8(7262) 43-68-08.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Синомашкарьер» проводит общественные слушания к Разделу охраны окружающей среды (ООС) для проекта «ПЛАНа разведки твердых полезных ископаемых по лицензия №1972-ЕЛ от 07.03.2023г. в границах лицензионной территории К-43-30-(10е-5г-7,8) в Кордайском районе Жамбылской области».

Общественные слушания состоятся в виде открытого собрания 17.07.2024 г. в 16:00 часов по адресу: Жамбылская область, Кордайский район, Карасуский с.о., с.Карасу, здание Дома культуры, ул.Нурлыжол, №203.

Контактные данные инициатора деятельности: тел. +7701 7048844ТОО «Синомашкарьер» XIANGTAIYUAN@outlook.com, адрес: г.Алматы, Алмалинский район, проспект Абая, дом 115.

Разработчик проекта ИП «Мурзина», адрес: г.Шымкент, ул.Желтоқсан, 20Б, оф.314, конт.тел. +7 701 726 70 56. эл.почта: murzina.60@mail.ru

Документация по проекту размещена на ЕЭП esportal.kz на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Жамбылской области», раздел «Общественные слушания». Заинтересованная общественность может направлять свои замечания и предложения в эл. форме на почту s.agabek@zhambyl.gov.kz, в бумажной форме по адресу: г.Тараз, ул. Абая, дом 133а, к.т.8(7262) 43-68-08

А

Жамбыл көлік прокуратурасы